



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

«Алла расулінің сөздерін менен артық жаттаған тек – Абдулла бин Амр. Ол хадисті көңіліне түйіп, жаттайтын, мен де жүрегіме тоқитынмын. Сонымен қатар, жазып алатын, ал мен жазбадым. Абдулла Алла елшісінен айтқан сөздерін жазуға рұқсат сұрап, келісімін алған еді», - деген. Демек, Абдулла бин Амр хадис ілімінің жазба үлгісінің қалыптасуына ең алғашқы боп үлес қосқан ғалым. Ғалым сахабаның Құран және сүннет іліміне қоса Таурат кітабын оқығандығы жайлы риуаят бар. Абдулла бин Амр бұл жайлы: «Мен түсімде бір қолымда бал, екіншісінде май бар екен. Қос қолымдағы бал мен майды жеп жатыр екенмін. Осыны Пайғамбарға айтқанымда: «Сен екі кітапты: Таурат пен Құранды оқиды екенсің», - деп жорып берді», - дейді.

Таураттың «Екінші Заңында»: «Алла Тағала Сина тауынан көрінді, сосын Саьир тауынан нұры шашылды, Фаран тауларынан шықты...», - деп жазылған. Бұл жазбадағы «Саьир» тауы Исаға иман еткен қауым мекен еткен аймақта орналасқан. Тіпті, осы тауда Иса Масих мекен етті. Ал, Сина – Тур тауы екені белгілі. Ал, Фаран – Мекке тауы. Демек, бұл пайғамбарлар шыққан жер атаулары. Қорыта айтқанда, Таурат пен Құрандағы тұлғаларды және шариғи заңдарды терең зерттеу көптеген қоғамдық проблемаларды шешудің кілті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Мұхаммед Абдумалик бин Ышам, Сира Набауия. Бейрут: дар-Маърифат, 4-баспа, 2004ж, 229-б.
2. Сафиу Рахман Мубаракфури, Рахик Махтум, Мансура: дар-Уафа, 2003ж, 76-б.
3. Мұхаммед Саид Рамазан Бути, Фикһу сират набауия, Каир: дар-Салам, 2008ж, 63-64 б.
4. Мұхаммед Ғазали, Фикһу сира, Искандария: дар-Дағуат, 1988ж, 79-б.
5. Мұхаммед Әли Сабуни, Мұхтасар тафсир Ибн Касир, Бейрут: дар-Жил, 2-т, 67-б.
6. Уаһбат Зухайли, Тафсир Уажиз, Дамаск: дар-Фикр, 24-б.
7. Мұхаммед Әли Сабуни, Сафуат Тафасир, Каир: дар-Хадис, 503-б.
8. Әбу Абдулла Мұхаммед бин Исмаил, Сахих Бұхари, Каир: Уфуқ Арабия, 2004ж, 889-б.
9. Мансұр Әли Насыф, Таж Жамий усул ли ахадис расул, Стамбул: Ханафия, 230б, 406-б.

УДК 297.1

ИСЛАМДАҒЫ МҰСА ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ

Камбаров Руслан Миятбекович

kamrus78@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығының 2 курс магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абуов А.П.

Құран мазмұндық құрылымы жағынан үшке бөлінсе, соның бірін қисса құрайды. Ал, сол қиссалардың ішінде Мұса мен Һарун пайғамбар және олардың елі исраил қауымы мен перғауын арасындағы қисса ең көлемдісі. Ал, Мұса пайғамбардың жеке дара тұлғасы Құранның жүзден астам аятын құрайды. Құран жүз он төрт сүреден тұрса, яһуди және Таурат жайында бөлек және бірге сексен бес жерде айтылады. Ал, Мұса пайғамбардың есімі жүз отыз алты рет, Мұса мен перғауын жайлы болса 20 рет. [1]

Анығырақ айтқанда, Мұса пайғамбардың дүниеге келуінен бастап өмірінің барлық кезеңдері мен маңызды оқиғалары баяндалған. Бұған қоса, өмірдерегінде кездесетін тұлғалар аты-жөні мен жер су аттары да тарихи тұрғыдан зерттеп тануға мүмкіндік береді. Көлемділігіне байланысты «Құранның ғимараты» деп аталған 286 аяттан тұратын Бақара сүресінің 110 аяты яһудилерге қатысты. Қала берсе, бұл сүренің атауы Мұса пайғамбардың заманымен тығыз байланысты.

Ниса сүресінде: «Әрі олардан, саған бұрын хабарын берген елшілер де және хабарын бермеген елшілер де бар. Әлі Алла Мұсамен сөйлескен», - деп айтылғандай [2] жалпы,

Құранда жиырма бес пайғамбар есімі кездеседі. Сонымен бірге, Юнус, Һұд, Юсуф, Ибраһим, Мұхаммед және Нұх деп сүрелердің бір легі пайғамбарлар есімімен аталады. Міне, осы пайғамбардың кейбірінің қиссасы айтылмай тек есімімен шектелген. Ал, бағзыларының қиссасы айтылған күнде де белгілі бір оқиға аясында өрбиді. Толығымен қамтылмайды. Ал енді, Мұса пайғамбардың қиссасы өте ауқымды баяндалған. Бұл жөнінде Ахмед бин Ханбал: «Пайғамбарлардың ең ғажайып қиссалары ол Алламен тілдескен Мұсаның қиссасы» деп айтуының себебі осында. Мұсаның қиссасында тек пайғамбардың өзі жайлы ғана емес сонымен қатар анасы, әпкесі, ағасы Һарун жайлы да баяндалады. Қала берсе, әйелі мен қайын атасы жайлы да егжей-тегжей баяндалады. Ал, Мұса заманындағы Мысыр билеушісі перғауын жайлы аяттар өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін мәселе.

Аталмыш оқиғалар бірнеше рет қайталаанады. Атап айтқанда, Мұса қиссасы жиырмадан астам сүреде, оның ішінде Бақара, Ағраф, Таха, Шұғара, Қасас сүрелерінде кеңінен баяндалса, Рум, Дұхан, Назифат және басқа сүрелерде қысқаша түрде келеді. Құрандағы аяттар мен оқиғалардың қайталануына байланысты Ғазали: «Құранда қайталау жоқ. Егер белгілі бір аят немесе оқиға қайталанып жатса сол аяттан алдын немесе кейін тұрған аяттарға зер салыңыз, сонда сырттай қайталанған аяттың сыры ашылады», - деген. Демек, Мұса жайлы қайталанған аяттарды герменевтика тұрғысында зерттеу керек.

Әли Имран сүресінде: «Мұхаммед! Ол саған кітап түсірді. Оның ішінде мағынасы анық аяттар бар. Олар – Кітаптың негізі. Әрі өзге мағынасы астарлы аяттар бар. Жүректерінде ауытқу болғандар болса, бүлік қалап және оны түсіндіруді қалап астарлы мағыналы аяттардың соңына түседі. Ал, оның түсінігін Алладан басқа ешкім білмейді. Әрі білімде орныққандар болса: «Біз оған сендік. Барлығы біздің Раббымыздан», - дейді. Ал, ескертуді тек ақыл иелері ғана түсінеді», - деген.

Хусейн бин Әли Хамза әз-Зияттан, ол Әбу Мұхтар әт-Тоидан, ол Ибн Ахи Харис Аьуардан, ол Харистен, ол Әлиден риуаят етеді: «Мен Алла елшісінен: «Алланың кітабында сендерден алдыңғы халықтың хабары, сендерден кейінгі жұрттың жағдайы және өз араларындағы үкім бар. Құран төрелік кітабы, бос сөз емес. Онымен жүрсе адам адаспайды, ғалымдар оған тоймайды, көп қайталаумен жалықпайды, оның ғажайыптары таусылмайды. Бұл тәкаппарлықпен тастаған адамды Алла қиындыққа салатын кітап, одан бөлек бағытпен жол іздеген адасады. Ол – Алланың берік арқаны. Ол – даналық сөзі, ол – тура жол, Онымен амал еткен сауап алатын, төрелік етсе әділдік табатын кітап...дегенін естідім» [3].

Мұса пайғамбар қиссасына индукциялық әдіс арқылы назар салған дұрыс. Сонда, тарихи және діни тұлғаның өмірін үлгі формасында қарастыра отырып, түрлі әлеуметтік проблемалар сұрағына жауап беріледі. Оның ішінде әділдік пен зұлымдық арасындағы күрес, тұлға мен қауымы ара-қатынасы және отбасы мәселесі де қамтылған. Осы қиссалардың ортақ түйісетін нүктелерінің бірі проблема шешудегі тұлғаның екі жақтама диалог жүргізе алу қасиеті, ішкі психологиялық дайындығы және белгілі дәрежеде өзіне жауапкершілік ала білу қабілеті және күрделі проблеманы шешуде байыптылық және салқынқандылықпен белгілі бір кезеңдер арқылы еңсеру сияқты роліне басымдық беріледі.

Діннің объектісі адам екенін ескерсек оның кемелдікке жетелеуде пайғамбарлар қиссасы психологиялық, этикалық және қоғамдық бейнесін қалыптастыруға жан-жақты жұмыс жасайды. Әрине, бұл өз кезегінде қоғамдағы бүгінгі жеке адамның ішкі дағдарысы, күйзелісі және оқшаулануы сияқты заманауи қоғамның бейнесін көрсететін психологиялық тоқырауынан алып шығуға өзіндік шешімін ұсынады. Мәселе қаншалықты күрделі немесе шиеленіскен болса да оның шешімін табу мүмкіндігі жойылмайтындығын көрсетеді. Сонымен қоса, белгілі бір деңгейде шешімінің үлгісін де ұсынады.

Әрине, пайғамбарлар қиссасының шындыққа жақындығы ғылыми тұрғыда дәлелденуі дінтанушылардың тікелей міндетінде. Пайғамбарлар мифтік кейіпкерлер емес. Оларға түсірілген кітаптар мен олардың жасаған мұғжизалары ғылым негізінде біршама болса да зерттелуде. Бұл орайда, пайғамбарлар тұлғаларын, кітап мәтіндерін зерттеумен жекелеген ғалымдар ғана айналысқандықтан қамтылған тақырыптар аясы салыстырмалы түрде өте аз деуіміз керек.

2003 жылы қыркүйек айында Астана қаласына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамасымен алғаш өткен Әлемдік және Дәстүрлі Діндер Лидерлерінің Съезінің басты мақсаты да діндер аралық диалогты жақсарта түсу. Бейбіт және ынтымақта өмір сүруге бір-біріне деген толеранттылық қарым-қатынасты орнату болды. Айтулы Съездің жалпы қоғам деңгейінде жұмысы мен тиімділігін арттыру үшін діндер арасындағы және олардың ортақ түйісетін тақырыптарын табу қажет. Бұл конфессияаралық қатым-қатынасты бейбіт деңгейге жеткізіп, ымырамен өмір сүруіне кепілдік береді. Құранда конфессия аралық татулық пен толеранттылықтың бірегей жолы ретінде: «Мұхаммед! Оларға: Уа, кітап иелері! Қане, бізге де, сендерге де ортақ болған арамыздағы мына сөзге келейік: Алладан басқа ешкімге құлшылық етпейік және Оған ешкімді һәм ешнәрсені серік етіп қоспайық...»,-деген аят [4] ортақ мәмілеге келу керектігін, ал жеке дара қасиетіне құрмет көрсетуге шақырады.

Осы тұрғыда пайғамбарлық миссиясы мен берілген кітабы Ислам дініне ерекше жақын Мұса пайғамбар өмірі мен Тауратты зерттеу қажет. Мұндай зерттеудің мақсаты ассимиляцияға ұшыратып, бір діннің өзіндік қасиетін жою емес, қоғамға ортақ принциптері мен мақсаттары анықтау арқылы түйіткілді мәселелер шешудің әдіс-тәсілін ұсыну болуы қажет.

Нақты, Мұса пайғамбарды және Тауратты зерттеу объектісіне айналдырудың тағы бір басты себебі хадистерде басқа пайғамбарлардан қарағанда Мұса пайғамбардың көп тілге тиек етілуінде. Мәселен, Абдулла бин Аббас: «Пайғамбар Мадина қаласына көшіп келген уақытта яһуди халқы Ашура күні ораза тұтып жүргенін көреді. Бұл қандай ораза?,-деп сұраған пайғамбарға олар: Бұл – қайырлы күн. Осы күні Алла Тағала Исраил ұрпақтарын жаудан құтқарған. Міне, сондықтан Мұса ораза тұтқан,-дейді. Сонда, Мұхаммед Пайғамбар: Мұсаға сендерден мен жақынмын деп ораза тұтты және мұсылмандарды да ораза тұтуға шақырды»,-деген хадис риуаят етеді [5,6].

Ал, енді Исра және миғраж оқиғасында Мұхаммед пайғамбар мен Мұсаның сұхбаты барлық хадис және сияр кітаптарында баяндалған. Бұл сұхбат Ислам дініндегі ең маңызды құлшылық бес уақыт намаздың жеңілдетілуіне Мұса пайғамбардың тіке қатысы бары айтылады.

Ал, Мұхаммед пайғамбар қиын-қыстау жағдайда: «Алла Мұсаға мейірімін төксін, ол мұнанда көп қиыншылық көрді бірақ сабыр етті»,-дейді екен [7]. Сонымен қатар, Әли бин Әбу Талибке: «Сен мен үшін Һарунның Мұсаға жақындығындай дәрежеде болуды қаламайсың ба?»,-деп [8] айтқаны пайғамбардың Мұсаны көптеген мәселеде үлгі және мысал еткенін байқауға болады. Демек, бұл тақырыптың зерттелгенінен зерттеу керек тақырыбы көп мәселе.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхаммед Фуад Абдубаки, Мұъжам муфахрас ли алфаз Құран, Египет: дар-Кутуб Мысырия, 2008ж
2. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма, аудармашылар: А.Ә. Әкімханов, Н.С.Анарбаев, Алматы: Көкжиек, Ниса сүресі, 164-аят
3. Абдулла бин Мұхаммед бин Әбу Шайба, Мусаннаф, дар-Фикр, 1994ж, 4381
4. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма, аудармашылар: А.Ә. Әкімханов, Н.С.Анарбаев, Алматы: Көкжиек, Әли Имран сүресі, 64-аят.
5. Әбу Абдулла Мұхаммед бин Исмаил, Сахих Бұхари, Каир: Уфуқ Арабия, 2004ж, 1865-хадис
6. Ахмед бин Әли бин Хажар Асқалани, Фатхул Бари, дар-Райан, 1986ж
7. Ахмед бин Әли бин Хажар Асқалани, Фатхул Бари, дар-Райан, 1986ж, 5749